


ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ
АЛҒАШҚЫ ЕУРОПА
ҮЛГІСІНДЕГІ
МЕКТЕПТЕР



1841 ЖЫЛЫ 6 ЖЕЛТОҚСАНДА ХАН ОРДАСЫНДА ЖӘҢГІР ӨЗ ҚАРАЖАТЫНА ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ ҮШІН УЧИЛИЩЕ АШТЫ. ОЛ “ЖӘҢГІР” УЧИЛИЩЕСІ ДЕП АТАЛДЫ. МҰНДА ИСЛАМ ДІНІ ОҚУЫНАН БАСҚА НЕГІЗГІ ПӘНДЕР РЕТІНДЕ ОРЫС ТІЛІ, АРИФМЕТИКА, ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ТАРИХЫНЫҢ ҚЫСҚАША КУРСЫ, КЕЙІННЕН, ОРЫС БАЛАЛАРЫН ОСЫ МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰДАЙ ЗАҢЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. СОДАН KEЙІН АРНАЙЫ КУРС РЕТІНДЕ ШЕШЕККЕ ҚАРСЫ ЕГУ ЕРЕЖЕЛЕРІ, КІТАП ТҮПТЕУ, ҮШ ЖЫЛҒА ІС-САПАРҒА КЕЛГЕН ОРЫС ОФИЦЕРІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН 6 БАЛА ОҚЫҒАН ЖЕР ӨЛШЕУ БӨЛІМІ АШЫЛДЫ.



ЖӘҢГІР ХАН ОСЫ УЧИЛИЩЕ ҮШІН АРНАЙЫ ҮЙ
САЛДЫРЫП, ОҒАН ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ӨЗІ ТАҢДАП,
ТАҒАЙЫНДАДЫ ЖӘНЕ УЧИЛИЩЕ МЕН
ОҚЫТУШЫЛАРҒА КЕТЕТІН ШЫҒЫНДЫ ӨЗ
ҚАЗЫНАСЫНАН ТӨЛЕП ОТЫРДЫ



Ханның таңдауы бойынша училищенің алғашқы оқытушысы және меңгерушісі болып, осы Ордада мал дәрігері болып жұмыс істеген Константин Петрович Ольдекоп тағайындалды. Оған орыс тілін, арифметика және географияны оқыту және оқушылардың тәртібін, тәрбиесін қадағалау жүктелді. Училищедегі оқу-тәрбие жұмыстарын жолға қою үшін орыс оқу орындарындағы негізгі шараларды қолдану талап етілді. Ольдекоп шәкірттердің сабақ үлгерімі журналын жылына үш рет ханға көрсетіп отыратын болған. Ол 10 жыл бойы оқытушы болды, 1852 жылдан оның орнына Потанин келді.

Ал діни оқу және шығыс тілдерінің оқытушысы ретінде молла Хахим Мухамед Әминев тағайындалды. Бірінші жылы мектепке 25 оқушы қабылданып, оның 7-і мектеп жанындағы жатаханада жататындар, ал 18-і үйден келіп оқитын оқушылар болса, олардың ең ересегі 22-жаста, ал кішісі – 9 жаста болды



- Оқушылар Востоковтың қысқаша орыс грамматикасы, Буняковскийдің Арифметикасы, 2 бөлімнен тұратын Шульгиннің Географиясы, Голахавтың қысқаша Хрестоматиясы, 2 томдық Устряловтың Орыс тарихы оқулықтар пайдаланды.
- Мектептің алғашқы оқушыларының ішінде Ахметкерей Хансұлтанов, Мұханбетше Байтүменов, сұлтан Бажақов, Шомбалов, сұлтан Исмаилдер болды. Хан түлектерінің Ресейдің арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқып, білім алуына мүмкіндік жасады. Бөкей хандығының қазақ балалары үшін ең беделді оқу орындары болып саналатын Неплюев кадет корпусынан орын бөлгізді. 1852 жылы Неплюев кадет корпусын 37 адам бітіріпті. Соның 8-і Бөкей ордасының қазақ жігіттері болатын.

ЖӘҢГІР ХАН ДҮНИЕДЕН ӨТКЕН СОҢ ОНЫҢ МИССИЯСЫ ӨЗ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ!

- 1848 жылдың 22 наурызда шыққан жоғары мәртебелі өкімнен кейін, Жәңгір мектебі мемлекет қарауына алынып, оған жылына 1404 сом қаражат бөлінді.
- Хан қайтыс болғаннан кейін мұғалімдерді Ордада орнатылған Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің қызметкерлері тағайындаған. 1862 жылы ветеринар Яковлев грамматикадан сабақ берсе, арифметиканы Кеңестің аудармашысы Роготников деген оқытқан. Басқа жылдарда Кеңестің әртүрлі шенеуіктері оқытушы болған. Мектептің бір ерекшелігі – ол ашылған күннен бастап бір сәт те жабылып көрген емес. Жылдан жылға ұлғайып, көркейіп дами түсті.
- Мектеп жүйесін ұлғайту мақсатында, 1866 жылдың 17 қарашасында Мемлекеттік Кеңестің шешімімен Бөкей Ордасының жеті бөлігінде қазақ балаларына 7 мектеп ашуға рұқсат етілді. Осыған орай, 1868 жылы Бөкей Ордасында жеті біркластық мектептер ашылды. Барлық қисымдық мектептерде оқу мерзімі 4 жыл болды. Мектепте оқушылардың жастарына сәйкес дайындық, төменгі, орта және жоғарғы топтарға бөлініп, қазақ және орыс тілдерінің жазылуы мен оқылуы, арифметиканың төрт амалы, қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне аударма ісі пәндері оқытылды.

ХАН ОРДАСЫНДА АШЫЛҒАН ҚИСЫМДЫҚ МЕКТЕПТЕР:

1. ҚАЛМАҚ ҚИСЫМЫ-ВЛАДИМИРОВКА / ТҰЗ ҚАЛА/
АУЫЛЫНДА
2. ҚАМЫС - САМАР ҚИСЫМЫ-НОВАЯ КАЗАНКА
/ЖАҢАҚАЛА/ АУЫЛЫ.
3. НАРЫН ҚИСЫМЫ-ҰЯЛЫКӨЛ МЕКЕНІНДЕ
4. ТАЛОВ ҚИСЫМЫ-ТАЛОВ /КАЗТАЛОВКА/ АУЫЛЫ
5. ТАРҒЫН ҚИСЫМЫ-ХАН ОРДАСЫНДА.
6. I-ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫ АЙМАҒЫ- КОКАРЕВ КОРДОНЫ
ҚАСЫНДА
7. II-ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫ АЙМАҒЫ-БАКАЛЕВ КОРДОНЫ
ҚАСЫНДА

СОНДАЙ-АҚ КӨРНЕКТІ АҒАРТУШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГ, ҒАЛЫМ-ЭТНОГРАФ, АҚЫН, ПРОЗАШЫ, ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, ОРЫС ЖАЗУ ТАҢБАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ҚҰРАСТЫРУШЫ — ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН БЕТТЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ӨСІРЕСЕ, ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ ҮШІН МЕКТЕП АШУЫ ОСЫНЫҢ АЙҚЫН БЕЙНЕСІ!



1860 жылы Орынбор облыстық басқармасы Алтынсаринның үзбей жазған өтініштерін қанағаттандырып, қазақ балалары үшін бастауыш мектепті ашуға рұқсат берді. Шалғай қалада мектеп ашу қиын болды (қаражат, мектеп ғимараты және оқу құралдары болған жоқ). Облыстық басқарма мен жергілікті болыстар осы маңызды іске суық қарады. Патша өкіметінің өзі де халықтың сауатын ашуды, ағарту жұмыстарын жасауды мақсат етпеген еді, оған тек тілді білетін іс жүргізушілер ғана керек болды. Алайда қиыншылықтар Алтынсаринге кедергі бола алмады. Оның үстіне, Ыбырай Алтынсарин 1861 жылы Торғай мектебіне мұғалім қызметіне атанған тұңғыш қазақ еді. Осы қуанышымен және өзінің ағартушылық идеяларымен рухы көтерілген Ыбырай Алтынсарин ауылдарды аралап, елге зайырлы білімнің маңыздылығын түсінідіріп отырды. Жергілікті тұрғындардан қаражат жинап, өзінің жеке жинақ ақшаларын салып, Алтынсарин мектеп ғимаратының құрылысына кірісті. Құрылысқа дайындалған кезінде қамалдың комендантында аудармашы болып қызмет істеп жүріп, Алтынасарин ауылдардан балалар әкелді, өз үйінде оларды орыс тіліне оқытты





1887 ЖЫЛЫ 10 ЖЕЛТОҚСАНДА КӨРНЕКТІ ҰСТАЗ
ҚОСТАНАЙ УЕЗІНДЕ ОБАҒАН БІР СЫНЫПТЫҚ
БОЛЫС МЕКТЕБІНДЕ ЖЕКЕ АЛҒАШҚЫ САБАҚТАРЫН
БЕРДІ.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!